

А.М. Джалилов <sup>\*1</sup>, А.К. Шашаев <sup>2</sup>, Ж.И. Мулдахметова <sup>3</sup>

<sup>1</sup>Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ докторанты, Қазақстан, Түркістан,  
E-mail: [amari\\_dzhalilov@mail.ru](mailto:amari_dzhalilov@mail.ru)

<sup>2</sup>тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы,  
E-mail: [shashaevauezhan@mail.ru](mailto:shashaevauezhan@mail.ru)




<sup>3</sup>тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан  
университеті, Қазақстан, Шымкент  
E-mail: [zhanar\\_0869@mail.ru](mailto:zhanar_0869@mail.ru)

## ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН КАВКАЗ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТУСЫ

### Аңдатпа

Ғылыми мақалада ХХ ғасырдың 30–50 жылдары Кеңестік Социалистік Республикалар Одағында (әрі қарай – КСРО, Кеңес Одағы) мемлекет және коммунистік партия басшылығының бұйрығымен жүзеге асқан ерікті көші-қон мен мәжбүрлі депортация салдарынан зардап шеккен халықтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен құқықтық мәртебесі жан-жақты зерттелген. Зерттеу барысында Кавказ аймағының тұрғындары бастан кешірген қиындықтар ғылыми тұрғыда талданып, тақырыптың өзектілігі негізделді. Мақаланы жазу кезінде тарих ғылымының негізгі қағидаттары мен әдістері басшылыққа алынды. Зерттеудің объективтілігі, толыққандылығы, жүйелілігі және нақтылығы қамтамасыз етіліп, аналитикалық және салыстырмалы зерттеу әдістері қолданылды. Сонымен қатар, тарихи құжаттарды сипаттау және талдау мақсатында материалдарды кезеңдерге бөлу әдістері пайдаланылды. Зерттеудің дереккөздік базасы ретінде ХХ ғасырдың 30–50 жылдарындағы Кеңес Одағының статистикалық мәліметтері, мұрағат құжаттары және ғылыми еңбектер қолданылды. Әдіснамалық негіз ретінде депортацияның әлеуметтік-экономикалық жағдайға және азаматтық құқықтарға тигізген әсерін зерттеу барысында кешенділік, жүйелілік және объективтілік ұстанымдарына сүйенген салыстырмалы талдау әдісі алынды. Зерттеудің негізгі мақсаты – депортацияға ұшыраған Кавказ халықтарының әлеуметтік-экономикалық және құқықтық мәртебесіндегі эволюциялық өзгерістерді анықтау. Бұл мақала зерттеушілерге депортация мәселесін ғылыми тұрғыдан қарастыруға бағыт-бағдар береді.

**Кіліт сөдер:** Депортация, қуғын-сүргін, кавказ халықтары, көші – қон, әлеуметтік жағдай, құқықтық статус, Оңтүстік Қазақстан.

Джалилов А.М. <sup>\*1</sup>, Шашаев А.К. <sup>2</sup>, Мулдахметова Ж.И. <sup>3</sup>

<sup>1</sup>докторант Международного казахско-турецкого университета имени Х.А. Ясауи,  
Казахстан, Туркестан, E-mail: [amari\\_dzhalilov@mail.ru](mailto:amari_dzhalilov@mail.ru)

<sup>2</sup>кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник  
Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Алматы  
E-mail: [shashaevauezhan@mail.ru](mailto:shashaevauezhan@mail.ru)

<sup>3</sup>кандидат исторических наук, доцент, Южно-Казахстанский университет имени М.  
Ауэзова, Казахстан, Шымкент  
E-mail: [zhanar\\_0869@mail.ru](mailto:zhanar_0869@mail.ru)

## СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ И ПРАВОВОЙ СТАТУС НАРОДОВ КАВКАЗА ДЕПОРТИРОВАННЫХ В ЮЖНЫЙ КАЗАХСТАН

### *Аннотация*

В научной статье всесторонне исследованы социально-экономическое положение и правовой статус народов Кавказа, пострадавших в результате добровольной миграции и принудительной депортации, осуществленных по указанию руководства Коммунистической партии и Союза Советских Социалистических Республик (далее – СССР, Советский Союз) в 30–50-е годы XX века. В ходе исследования научно проанализированы трудности, пережитые народами Кавказского региона, и обоснована актуальность темы. При исследовании использовались основные принципы и методы исторической науки. Были обеспечены объективность, полнота, системность и точность исследования, применены аналитические и сравнительные методы исследования. Кроме того, для описания и анализа исторических документов использовались методы периодизации материалов. В качестве источниковой базы исследования использованы статистические данные, архивные документы и научные труды СССР относящиеся к 30–50-м годам XX века. Методологической основой исследования стал сравнительный анализ, опирающийся на принципы комплексности, системности и объективности, применяемый для изучения влияния депортации на социально-экономическое положение и гражданские права. Основная цель исследования – выявление эволюционных изменений в социально-экономическом положении и правовом статусе депортированных народов Кавказа. Данная статья служит ориентиром для исследователей в научном рассмотрении проблемы депортации.

**Ключевые слова:** Депортация, репрессии, народы Кавказа, миграция, социальное положение, правовой статус, Южный Казахстан.

*A.M. Jalilov* <sup>1</sup>, *A.K. Shashaev* <sup>2</sup>, *Zh. I. Muldakhmetova* <sup>3</sup>

<sup>1</sup>*PhD doctorate, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkestan, E-mail: [amari\\_dzhalilov@mail.ru](mailto:amari_dzhalilov@mail.ru)*

<sup>2</sup>*candidate of Historical Sciences, Senior Researcher, Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Kazakhstan, Almaty E-mail: [shashaevauezhan@mail.ru](mailto:shashaevauezhan@mail.ru)*

<sup>3</sup>*candidate of Historical Sciences, Associate Professor, M. Auezov South Kazakhstan University, Kazakhstan, Shymkent, E-mail: [zhanar\\_0869@mail.ru](mailto:zhanar_0869@mail.ru)*

## **SOCIO-ECONOMIC SITUATION AND LEGAL STATUS OF THE PEOPLES OF THE CAUCASUS DEPORTED TO SOUTH KAZAKHSTAN**

### *Abstract*

The scientific article comprehensively examines the socio-economic situation and legal status of the peoples of the Caucasus who suffered as a result of voluntary migration and forced deportation carried out under the directives of the leadership of the Communist Party and the Union of Soviet Socialist Republics (hereinafter referred to as the USSR, the Soviet Union) in the 1930s–1950s. The study scientifically analyzes the hardships experienced by the peoples of the Caucasus region and substantiates the relevance of the topic. The research employed the fundamental principles and methods of historical science. Objectivity, completeness, systematization, and accuracy were ensured, and analytical and comparative research methods were applied. Additionally, periodization methods were used for describing and analyzing historical documents. The source base of the study includes statistical data, archival documents, and scientific works of the USSR from the 1930s–1950s. The methodological foundation of the research is a comparative analysis based on the principles of comprehensiveness, systematization, and objectivity, applied to study the impact of deportation on the socio-economic situation and civil rights of the affected peoples. The main goal of the research is to identify evolutionary changes in the socio-economic situation and legal status of the deported peoples of the Caucasus. This article serves as a guide for researchers conducting a scientific examination of the issue of deportation.

**Keywords:** Deportation, repression, peoples of the Caucasus, migration, social status, legal status, South Kazakhstan.

## **Кіріспе.**

1924 жылы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (әрі қарай КСРО) Халық комиссар-лары Кеңесінің Төрағасы В.И. Ленин қайтыс болғаннан кейін, КСРО ішкі және сыртқы саясаты айтарлықтай өзгерді. 1934 жылы өткен Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясының XVII съезінен соң тоталитарлық жүйе күшейді. Съездке 1956 делегат қатысты, кейін оның 1108-і әртүрлі айыптармен тұтқындалды. Сондай-ақ БК(б)П ОК мүшелерінің 70%-ы 1937–1939 жылдары репрессияға ұшырады [1, 83–86 б.].

И.В. Сталин орнатқан саяси жүйе Кеңес азаматтарына ауыр зардап әкелді. 1930–1940 жылдары КСРО-ның ұлттық саясатында репрессиялық шаралар күшейіп, көптеген халықтар негізсіз депортацияланды. Депортация (лат. deportatio – шығару) – мемлекеттің тұлғаны мәжбүр-леп көшіруі [27].

КСРО-да бұл процесс азаматтарды шетелге емес, ел ішіндегі басқа аймақтарға қоныс аударумен ерекшеленді. 1988 жылға дейін мұндай халықтар “арнайы қоныс аударылғандар” деп аталды. Кавказ халықтары XX ғасырдың 30-50-жылдары Орта Азия республикаларына, әсіресе Қазақстанға депортацияланды. Жалпы, КСРО-да қуғын-сүргіннің бірнеше түрі болды: ұлттық, әлеуметтік-таптық және саяси мүддеге байланысты депортациялар. Бұл мақалада ұлттық белгі бойынша жүргізілген депортация қарастырылады. Мәжбүрлі көші-қон ауыр жағдайда өтті: адамдар жүк вагондарында тасымалданып, аштық пен суықтан қаза болды. Депортацияланған ұлттардың азаматтық құқықтары 1950-жылдардың ортасына дейін шектелді. 1956 жылы КОКП XX съезінде Н.С. Хрущевтің баяндамасынан кейін жағдай жақсара бастады, алайда сталиндік қателіктерді зерттеу шектеліп, құжаттар құпия сақталды [2, 128-171 б.].

## ***Тақырыптың зерттелуі***

1985 жылы КСРО-да билік басына М.С. Горбачев келгеннен соң, Сталинизмнің және тоталитарлық жүйенің зардаптары зерттеле басталды. Депортацияның себептері, барысы жайлы алғашқы мақалалар XXғ. 80-жылдардың соңына қарай жариялана басталды. Оған себеп ретінде партиялық бақылаудың және мемлекеттің басқару аппаратының әлсіреуі, коммунистік идеологияның дағдарысы, демократиялық үрдістердің күшеюі және ұлттық сананың оянуы секілді факторларды атап айтуға болады. XX ғасырдың 80-жылдардың соңында халықтар депортациясы мәселесін алғашқылардың бірі болып Н.Ф. Бугай [8, 135-144 б.] және В.Н. Земсков [9, 151-165 б.] зерттеді. КСРО ыдырағаннан соң, халықтардың мәжбүрлі депортациясы кеңінен зерттелді. Ресей тарихнамасында депортацияға ұшыраған халықтардың әлеуметтік – экономикалық жағдайын және құқықтық мәртебесін зерттеуде П.Н. Полян [11, 326 б.], В.Г. Шнайдер [14, 86-91 б.], Алгириева [18, 111-114 б.] және басқа да ғалымдар өз үлесін қосты. Отандық тарихнамада Қазақ-станға депортацияланған халықтардың қалыптасуы мен даму мәселесі кеңінен зерттелуде. Күштеп қоныстандырылған ұлттардың тарихына қатысты XX ғасырдың 80-жылдарының екінші жартысынан бастап, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Ж.Б. Әбілхожин мен М.К. Қозыбаев-тың зерттеулері теориялық тұрғыдан маңызды болып табылады [3, 29 б.].

Бұл тақырыптың жекелеген аспектілерін А.С. Муссағалиева [10, 40 б.], Динашева [12, 28 б.], А.М. Джалилов [13, 281 б.], А.С. Жанбосинова [16, 250 – 251 б.], Г.Б. Козгамбаева [17, 11 б.] және т.б. ғалымдар зерттеді. Жалпы, мәжбүрлі депортациялан халықтардың әлеуметтік – экономилық жағдайы және құқықтық статусы аз зерттелген. Отандық және шетелдік тарихнамада зерттеуші-лердің басым бөлігі күштеп депортациялаудың тарихына, себептері мен барысына көңіл бөледі.


Бұл ғылыми мақаланың ғылыми жаңалығы депортацияға ұшыраған кавказ халықтарының әлеуметтік – экономикалық жағдайы мен құқықтық мәртебесін талдау және зерттеу барысында Отандық және Ресейлік тарихшылардың еңбектеріне шолу жасалынды және Түркістан облысы-ның қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архивінің құжаттары кеңінен қолданылды. Ғылыми мақаланы жазу барысында әдістемелік негіз ретінде: тарихи зерттеулердің негізгі ережелері, қағидалары мен әдістері негізге алынды, олардың бастысы

объективтілік, толыққандылық және нақты-тарихи зерттеу болып табылады. Жалпы ғылыми зерттеу әдістері кеңінен қолданылды: аналитикалық талдау, сондай-ақ материалды ұсыну, кезеңдерге бөлу, құжаттарды сипаттау және салыстыру үшін тарихи және салыстырмалы әдісі қолданылды.

### Нәтижелерді талқылау.

#### **Кавказ өлкесінің физикалық – географиялық сипаттамасы**

Кавказ – батыста Қара теңіз бен Азов теңізінен шығыста Каспий теңізіне дейін созылып жатқан таулы аймақ. Оның солтүстігінде Кума-Маныч ойпаты, оңтүстігінде Алдыңғы Азия таулы қыраттары жатыр, алайда оңтүстік шекарасы нақты анықталмаған. Кавказ аумағы Ресей Федерациясы, Грузия, Әзірбайжан және Армения елдерінің жерінде орналасқан. Негізгі бөлігі – Үлкен Кавказ тау жүйесі, оның ең биік нүктесі – Эльбрус тауы (5642 м). Үлкен Кавказдың солтүстік етегі мен Кума-Маныч ойпаңына дейінгі аймақ Кавказ алды деп аталады. Оңтүстікте Колхида мен Кура ойпаттары Үлкен Кавказды Кавказ сырты таулы қыратынан бөледі. Бұл аймақтағы солтүстік және солтүстік-шығыс тау тізбектері Кіші Кавказ тау жүйесін құрайды, ал оңтүстік ішкі бөлігі Армян жанартаулы қыратына жатады (Арагац тауы, 4090 м) [4].



1 – Сурет. Күрд және түрік этностарының 1937 жылы Әзірбайжаннан Қазақстанға көшу бағыты [28].

#### **Депортацияның себептері**

Кавказ өлкесін мекендейтін армяндар, әзірбайжандар, балқарлар, қарашайлар, күрдтер, түрік-тер, шешендер, ингуштар, талыштар, аварлар, хемшиндер және т.б. этнос (*грек. ethnos - тайпа, халық*) өкілдері депортацияға ұшырады. Депортацияның себептеріне келер болсақ, олар әртүрлі бо-лып келеді. Себебі депортацияға 40-қа жуық ұлт өкілдері ұшырады. Әр ұлтқа жеке айыптар тағыл-ған болатын. Мысалы, 1937 жылғы Кавказ халықтарының депортациясы – КСРО-ның Иран және Ауғанстан арасындағы шекарасының қауіпсіздігін күшейту мақсатында іске асты. КСРО Орталық Атқару комитеті және Халық комиссарлар кеңесінің 1937 жылы 17 шілдеде қабылдаған құпия қаулысына сәйкес, Әзірбайжан, Армян, Түркімен, Өзбек және Тәжік республикаларының мемлекет-тік шекарасының қауіпсіздігі күшейтілді және шекаралас аймақтарды мекендейтін армян, әзірбай-жан, түрік және күрд ұлтының өкілдері сенімсіз элементтер ретінде танылып көшірілді [5, 93-94 б.].

1944 жылы Грузиядағы депортация да КСРО – ның мемлекеттік шекарасынның қауіпсіздігін күшейту мақсатында іске асты. 1944 жылы 31 шілдедегі КСРО Мемлекеттік Қорғаныс комитеті-нің № 6279сс жарлығына сәйкес Грузин КСР-нің шекаралық аймағы – Ахалцихе, Адигени, Аспиндза, Ахалкалаки, Богданов аудандарынан және Аджар Автономиялық Кеңестік Социалисттік Республикасынан 16 700 шаруашылықты, барлығы 86 000 адамнан тұратын түріктер, күрдтер және хемшиндерді көшірді. Оның ішінде: Қазақ КСР-іне – 40 000 адам, Өзбек КСР-іне – 30 000 адам, Қырғыз КСР-іне – 16 000 адам көшірілді [6].

1944 жылы 7 наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумның «Шешен-Ингуш Автономия-лық Кеңестік Социалистік Республикасын жою және оның аумағын әкімшілік тұрғыдан қайта ұйымдастыру туралы» Жарлығында Шешен және ингуш ұлттарына келесі айып тағылды: «Ұлы Отан соғысы кезінде, әсіресе неміс-фашист әскерлері Кавказда әрекет еткен кезде, көптеген шешендер мен ингуштар Отанға опасыздық жасап, фашистік басқыншылар жағына өтіп, диверсанттар мен барлаушылар қатарына қосылып, немістер тарапынан Қызыл Армияның тылы-на жіберіліп, немістердің нұсқауымен қарулы топтар құрып, кеңес үкіметіне қарсы күрес жүргіз-ген. Сондай-ақ көптеген шешендер мен ингуштардың бірнеше жылдар бойы кеңес үкіметіне қарсы қарулы көтерілістерге қатысқан және ұзақ уақыт бойы адал еңбекпен айналыспай, көршілес облыстардың колхоздарына бандиттік шабуылдар жасап, кеңес халқын тонаған» [7].



2 – Сурет. 1944 жылғы Шешен және Ингуш ұлттарының депортациясы[26].

Жоғарыда көрсетілген құжаттарға талдау жасау нәтижесінде депортацияның негізгі 5 себептері анықталды:

1. **Саяси қауіп және "халық жаулары"**: КСРО билігі оппозиция немесе ықтимал саяси қауіп төндіретін кез келген топты жоюға тырысты. "Халық жаулары" деп аталатын адамдарды (әлеуметтік, діни және этникалық топтар) қауіп ретінде қарастырды. Олардың қатарында саяси қарсыластар, интеллигенция өкілдері, бұрынғы ақ гвардияшылар және т.б. болды.

2. **Этникалық тазалау және "сенімсіз халықтар"**: Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде және соғыстан кейінгі кезеңде Кеңес үкіметі кейбір этникалық топтарды фашистік Германиямен немесе басқа жау мемлекеттермен ынтымақтастық жасады деген айыппен депортациялады. Бұл топтардың қатарында шешендер, ингуштар, және басқа этникалық топтар болды. Оларды кеңестік билік "сенімсіз халықтар" деп санады және оларға қауіп төндіруі мүмкін деген күдікпен жаппай депортация жүргізілді.

3. **Ұлттық қауіпсіздік:** Кеңес Одағы үшін стратегиялық маңызды аймақтардағы этникалық топтарды көшіру ұлттық қауіпсіздік шараларының бірі ретінде қабылданды. Бұл әсіресе шекаралас аудандарда орналасқан халықтарға қатысты болды.

4. **Әлеуметтік – экономикалық мақсаттар:** Кеңес үкіметі экономикалық дамуды жоспар-лаған аймақтарға еңбек ресурстарын көбейту мақсатында адамдарды көшіруге тырысты. Мысалы, Сібір мен Қазақстанға депортацияланған адамдар жаңа өнеркәсіп орындарында немесе ауыл шаруашылығында жұмыс істеуге мәжбүр болды.

5. **Идеологиялық себептер:** Кеңес идеологиясы белгілі бір әлеуметтік таптар мен топтарды қоғамның "жаулары" деп есептеді. Осы негізде бай шаруалар, діни қайраткерлер, кәсіпкерлер және бұрынғы империялық қызметкерлер депортацияға ұшырады.

### ***Депортацияның барысы. Статистикалық мәліметтер.***

Кеңес Одағында халықтардың күштеп депортациясын ғылыми тұрғыдан алғашқылардың бірі болып Н.Ф. Бугай зерттеді. Оның “К вопросу о депортации народов в 30-40-е годы” атты ғылыми мақаласы «История СССР» журналының 1989 жылғы №6 санында жарық көрді. Архив қорларының құжаттарына негізделген ғылыми мақалада алғашқы рет депортацияның себептері, барысы және салдары туралы кеңінен айтылды. Мақалада алғашқы рет депортацияға ұшыраған халықтардың саны, көші – қон туралы статистикалық мәліметтер жарияланды [8, 135-144 б.].

Н.Ф. Бугайдың деректеріне сәйкес ХХ ғ. 30-50 жылдары депортацияға 3 011 108 адам ұшырады. Сонымен бірге 215 242 адам өз бетінше қоныс аударған. Нәтижесінде қоныс аударушылардың жалпы саны 3 226 340 адамды құрады [8, 135 б.].

КСРО-да қуғын-сүргінге ұшырағандардың статистикасын зерттеген ғалымдардың бірі - В.Н. Земсков. В.Н. Земсков Земсковтың зеттеулерінде ГУЛАГ (*Еңбекпен түзеу лагерьлері мен жер аударылғандар қоныстарының және қамалу орындарының Бас басқармасы*) тұтқындарының тағдыры туралы айтылған. Ғалымның келтірілген деректеріне сәйкес, 1953 жылға қарай Кеңес Одағының ГУЛАГ жүйесінде 2 468 524 адам өз қылмыстық жазаларын өтеген [9, 151-165 б.].

1939 жылы Оңтүстік Қазақстанда 745 542 адам тұрған, ал 1959 жылы бұл көрсеткіш 906 656 адамға жеткен. Республикадағы басқа облыстармен салыстырғанда, Оңтүстік Қазақстан облысы халық саны бойынша бірінші орында болған. Дегенімен, әр жылдары, оның ішінде Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары кезінде, бұл аймаққа депортацияға ұшыраған адамдарды жіберген. 1944 жылғы 21 наурыздағы мәлімет бойынша Қазақ және Қырғыз Кеңестік Социалистік Республикаларының аумағына барлығы 180 эшелонмен (*франц. echelon*) – *темір жол пойызымен немесе кемелмен тасылатын әскери бөлім не бірнеше бөлімше*) 494 456 адамнан тұратын шешен-ингуштар ұлт өкілдері жеткізіліп, түсірілген, оның ішінде: Қазақ КСР-нің территориясына жалпы 147 эшелонмен 405 941 адам келген. Ал Оңтүстік Қазақстан облысына 8 эшелонмен 21 037 адам қоныстандырылған. Арнайы қоныс аударылған балқарлар туралы мәліметтер келесідей: Оңтүстік Қазақстан облысына 2 эшелонмен 5 272 адам көшірілген. 1944 жылғы 15 маусымдағы мәлімет бойынша Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Солтүстік Кавказдан арнайы қоныс аударушы-лардан 12 398 отбасы, 49 491 адам қоныстандырылды, оның ішінде шешен-ингуштар – 5 237 отбасыдан тұратын 22 918 адам, қарашайлар – 6 492 отбасыдан тұратын 24 350 адам, балқарлар – 669 отбасы, 2 223 адам [10, 40 б.].

Көптеген зерттеушілерді П. Полянның депортацияға қатысты ауқымды еңбектері қызықтырды. Ғалым Кеңес Одағының депортациялық саясатын тарих, география, демография ғылым-дарың тұрғысынан зерттеді. П. Полян депортацияға ұшыраған кавказ халықтарының әлеуметтік – экономикалық жағдайына және құқықтық статусына (*лат. status — жағдай, мәртебе*) ерекше мән берді. П. Полянның мәлімдеуінше, 1944 жылдың наурызында Грузиядан 608 күрд және эзирбайжан отбасылары жалпы саны 3240 адам Қазақстан және Орта Азия елдеріне көшірілді. Грузин ұлтының өкілі И.В. Сталин Грузияның этникалық және конфессиялық құрамына ерекше мән беріп, сол жердегі мұсылман халықтарға сенімсіздік

білдірді. Оларды Түркия мемлекетінің тыңшылары, контрабандашылар және елге опасыздық жасай алатын элемент ретінде қарады. КСРО және Түркия арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың нашар болуы, Түркияның шекаралас аймақтарын мекендеуші халықтарды көшіруге себеп болды. Бастапқы кезде Грузины мекендеуші күрд және әзірбайжан халықтарын Грузияның Шығысына көшіруді жоспарланған болатын. Алайда, КСРО ішкі істер халық комиссариатының Төрағасы Л. Берия аталған этнос өкілдерін Орта Азия елдеріне көшіруді ұсынды [11, 128 б.].

1944 жылдың ақпан-наурыз айларында Қазақстан мен Қырғызстанға 602193 адам қоныс аударылды, оның ішінде шешендер мен ингуштер – 496460, қарашайлар – 68327, балқарлар – 37406 адам. Олардың көпшілігі Қазақстанға қоныстандырылған. Ахысқа түріктері де осындай қиындықтарды бастан өткерген. Олар Оңтүстік Грузияның Месхетия аймағында 220 ауылда өмір сүрген. Ахысқа түріктері Анатолия түріктерінің бір тармағы болып саналады. Кеңес дәуірінің 20-30 жылдарында оларға қарсы қорлау мен қысым шаралары басталып, 1937–1938 жылдары Ахысқа түріктерінің ұлт зиялылары жойылды. 1944 жылы 14 қарашада Ахысқа түріктері екі сағат ішінде Қазақстан мен Орта Азияға күштеп жер аударылды. Сол кезде олардың саны 110000 адам болған, алайда жолдағы суық пен аштық салдарынан 20 мыңдай адам қайтыс болды [12, 28 б.].

Оңтүстік Қазақстан облысы басқармасы Төрағасының орынбасары Ерназаровтың Оңтүстік Қазақстан облысы Атқарушы комитетінің Төрағасы Светловтың атына жазған құпия баяндамасында 1945 жылға қарай Оңтүстік Қазақстан облысында Солтүстік Кавказ және Грузиядан оның ішінде немістер, бұрынғы кулактардан 19299 отбасы немесе 67369 адам орналастырылған болатын [13, 281-286 б.].

Мәжбүрлі көші – қонға ұшыраған этникалық топтар (*ағылш. Ethnic group, немесе этностық ағылш. ethnicity*) депортацияның кесірінен өз отбасыларымен байланыстарын үзді. Себебі қоныс-тандыру барысында көптеген адамдар, әсіресе балалар қайтыс болды немесе қашып кетті. Көші – қон аяқталғаннан соң, жаңа орынға қоныстанушылар өз отбасы мүшелерін іздеп, арыздарды жаза бастады. Бұл мәселеге қатысты 1943 жылдың желтоқсан айында тек Жамбыл облысының құқық қорғау органдарына 2000 астам арыз және шағымдар түсті [14, 264-267 б.].

#### **Құқықтық статус (мәртебе)**

Жоғарыда атап өткендей, депортацияланған халықтардың азаматтық құқықтары шектелген болатын. Депортацияланған азаматтарға қоныстандырылған елді – мекенінен рұқсатсыз кетуге тыйым салынды. 1948 жылы 26 қарашадағы КСРО Жоғары Кеңесінің қаулысына сәйкес, арнайы қоныстандырылған орындарынан өз еркімен кеткені үшін 8 жылдың орнына 20 жыл каторгалық (*грек. katargon – галера; итал. galera – құлдар, соғыс тұтқындары*) жұмыстарды істеуге міндетті болатын. Депортацияға ұшыраған ұлттарға географиялық – аймақтық шектеулермен қатар, саяси - құқықтық шектеулер мен тыйымдар да қойылды. Мысалы, депортацияланған азаматтарға Коммунистік партияға, Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағына және басқа да мемлекеттік ұйымдар мен органдарға мүше болуға және қызмет етуге тыйым салынды. Сонымен бірге, мәжбүрлі депортацияланған халықтарға барлық деңгейдегі сайлауларға қатысуға және сайлауда өз кандидатурасын ұсынуға рұқсат етілген жоқ. Білім алу мәселесінде де шектеулер болды. Депортациялаған ұлттарға Жоғары оқу орындарында білім алуға және қызмет етуге рұқсат берілмеді. Күштеп қоныстырылған азаматтар әскер қатарына да шақырылмады және Ұлы Отан соғысына қатыстырылмады [15, 87-88 б.].

Мемлекет тарапынан депортацияға ұшыраған этностарды қудалау әрекеттері Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін де тоқталмады. 1949 жылға қарай арнайы қоныстанушылардың жалпы санының 75-тен 85%-ға дейіні қайтадан репрессияланып, лагерлерге жіберілді. 5-тен 15%-ға дейіні қашып жүрген, ал 7-ден 10%-ға дейіні қоныстану режимін бұзғаны және саяси қылмыстар жасағаны үшін тұтқындалған еді [16, 250-251 б.].

Мәжбүрлі көші-қонға ұшыраған этникалық топтар депортацияның кесірінен өз отбасыларымен байланыстарын үзді. Себебі депортация барысында көптеген адамдар, әсіресе балалар қайтыс болды немесе қашып кетті. Көші-қон аяқталғаннан соң, жаңа орынға қоныстанушылар өз отбасы мүшелерін іздеп, арыздарды жаза бастады. Бұл мәселеге қатысты 1943 жылдың желтоқсан айында тек Жамбыл облысының құқық қорғау органдарына 2000 астам арыз түсті [14, 264-267 б.].

Депортациядан кейін, халықтың арасында арасында антикеңестік көңіл-күйлер күшейе түсті. Мысалы, Оңтүстік өңірге Грузиядан депортацияланғандар арасында Саникидзе Исмайл кеңестік билікке қарсы антикеңестік пікірін ашық айтқан. Ол: «Кеңес үкіметі күш қолдану арқылы Кавказдан көптеген халықты, соның ішінде біздерді де көшірді. Олар Қазақстанға келгенде біздің өміріміз жақсарады деп уәде берді. Алайда, олай болмады, олар бізді алдады». Егер кеңестік билік болмағанда, біз жақсы өмір сүрер едік деген пікірі айтты [17, 11 б.].

#### **Әлеуметтік – экономикалық қиындықтар**

Оңтүстік Қазақстанға қоныстандырылған кавказ халықтарының әлеуметтік – тұрмыстық жағдайы туралы Оңтүстік Қазақстан облысы басқармасының Төрағасының орынбасары Ерназаровтың Оңтүстік Қазақстан облысының Атқарушы комитетінің Төрағасы Светловтың атына жазған құпия баяндамасында айтылады. Баяндамаға сәйкес, 1945 жылға қарай Оңтүстік Қазақстан облысында Солтүстік Кавказ және Грузиядан оның ішінде немістер, бұрынғы кулактардан 31108 адам шұғыл көмекке мұқтаж болса, 4651 адам әртүрлі аурулармен ауырған. 1945 жылдың 1 кварталында және сәуір айында 2917 адам қайтыс болды. Сонымен бірге, кейбір аудандардағы кеңестік шаруашылық (әрі қарай - кеңшар) және ұжымдық шаруалықтарының (әрі қарай - ұжымшар) төрағалары арнайы қоныстанушыларға сенімсіздік білдіріп, жұмыспен қамтамасыз етпей жергілікті халық пен арнайы қоныстанушылардың арасына жік салған. Нәтижесінде, жұмыссыз және әлеуметтік көмексіз қалған арнайы қоныстанушылар қылмыстық әрекеттерді жасауға мәжбүр болған. Баяндамада арнайы қоныстанушыларға әлеуметтік көмек ретінде бөлінген азық-түліктерді ауылшаруашылық тұтынушылар қоғамы мүшелерінің тарапынан ұрлау фактілері де келтірілген [13, 281-286 б.].

Кавказдан депортацияланған ұлттардың басым бөлігін ауылдық елді – мекендерге қоныстан-дырды. Сол себепті олар кеңшар мен ұжымшарларда жұмыс істеуге мәжбүр және міндетті болды. Киім – кешектің, тұрмысқа қажетті заттардың, медициналық көмектің, азық-түліктің жеткіліксіз болуы халықтың психологиялық көңіл-күйіне, деңсаулығына және еңбек өнімділігіне кері әсерін тигізді. Солтүстік Кавказдан көшірілген халықтардың арасында өлім көрсеткіші жоғары деңгейде болды. В.Г. Шнайдердың келтірген деректеріне сәйкес, 1946-1950 жылдары аралығында 53 557 адам туылып, 104 903 адам көз жұмды [15, 87-88 б.].

Оңтүстік Қазақстанға көшірілгеннен кейін, әлеуметтік жағдайы нашар болған халықтардың бірі – шешен ұлтының өкілдері болды. Кеңшар және ұжымшарларының басшылары тарапынан арнайы қоныстанушыларға қолайлы жағдай жасалған жоқ. Мысалы, бір ғана Күйік кеңшарында азық-түліктің жетіспеушілінен, адамдар жабайы шөптер мен өсімдіктерді азық етті. Салдарынан 200 – ге жуық адам қайтыс болған [18, 113 б.].

Арнайы қоныс аударылғандарды азық-түлікпен қамтамасыз етуде барлық жерде қиындықтар байқалды. Қоныс аударушыларға ұжымшарда нан тек еңбеккүнге сәйкес берілетін, бірақ олардың көбісі күз-қыс кезеңінде келгендіктен, еңбек күндері аз болды. Көктем-күз маусымында егіннің аздығынан үлкен проблемалар туындады. Көптеген қоныс аударушылар кейде мүлдем нан алмай, аш отырды. Бұл тек нанның жоқтығынан емес, сонымен қатар бюрократиялық кідіріс-терден де болды.

Мысалы, Тұтынушылар одағы арқылы нан сатуды кешіктіруі, тапсырмалар немесе астық жоспарларының орындалмауы, егіннің жоқтығы немесе қоныс аударушылардың қарапайым ақша тапшылығына байланысты аштық болатын. Ең алдымен, балалар аштықтан ісініп кететін, ал отбасы мүшелері ұн ұрлау, қой ұрлау сияқты қылмыстарға баруға мәжбүр болды. Жергілікті ұжымшарлар арнайы қоныс аударушыларды қосымша азық-түлікпен қамтуға мүмкіндіктері болмады. Мұндай жағдай көптеген аудандарда байқалды, депортацияланған отбасылар



аштықтан әлсіреп, жүріп-тұруға да шамасы келмей қалатын. Кейбір жағдайларда аштықтан өлім фактілері тіркелді, бұл медициналық қызметкерлер мен ұжымшарлардың басшылығы тарапынан расталды. Сонымен қатар, кейбір көпбалалы арнайы қоныс аударушылардың кішкентай балаларынан бас тарту фактілері де орын алды.

Мәжбүрлі көші-қонға ұшыраған аудандық арнайы комендатураға жолдаған ұжымдық өтініш-шағымдарында олардың өте ауыр жағдайы туралы баяндалады. Оларға бөлінген 100 грамм ұн немесе 50 грамм жарманың әлдеқашан бітіп қалғанын, "...біз енді жүре алмаймыз және Сізге келе алмаймыз. Егер Сіз бізге келмесеңіз, бізбен не болатынын білмейміз" деп жазған. Шешен отбасылары аштықтың құрсауында қалды, олардың 70%-ы аштықтан әлсіреген күйде болды. Тағы бір өтініште: "Менің асырауымда 6 кішкентай бала бар, ұжымшар еңбек күндеріме егіннің шықпауы салдарынан ештеңе берген жоқ. Сататын ештеңем қалмады, соңғы төсегімнен айырылдым. Мен өзім аштықтың салдарынан көру қабілетімнің 75%-ын жоғалттым. Аштықтан қиналған отбасымды көру маған ауыр, ақыл-есімнен адаса бастадым. Сізге өз шарасыз жағдайым туралы хабардар етуді шештім. Осыған орай маған материалдық көмек көрсетуді сұраймын" деп жазылған [16, 250-251 б.].

Бостандық ауданында жергілікті тұрғындар мен депортацияланғандардың арасында жиі қақтығыстар болған. Калинин атындағы ұжымшарда 13 отбасы – 64 адам орналастырылған, оларды жергілікті ұжымшар мүшелері мазақтап, жүйелі түрде ұрып-соғып отырған. 1944 жылдың 1-2 мамырында барлық қоныс аударушыларды үйлерінен қуып шыққан, содан бірнеше күн көшеде өмір сүруге мәжбүр болды. Сондай жағдай Сарыағаш ауданында да қалыптасты. Сарыағаш ауданы 6 ай ішінде нан өнімдері қорынан жеткіліксіз қамтамасыз етілген: жалпы қажеттілік 40 тонна болғанда, 23-24 тонна ғана алған. Сондықтан халықты азық-түлікпен қамта-масыз ету мерзімі арасында үлкен кешігулер болған. Ауданға келген арнайы қоныс аударушылар киімсіз және аяқ-киімсіз қалып, азық-түлікпен қамтамасыз етілмеген. Оларға нан өнімдерін алу үшін талон берілмеген. Осы себептен арнайы қоныс аударушылар аштыққа ұшырады. Депорта-цияға ұшыраған халықтар өздерінің ауыр әлеуметтік жағдайына қарамастан, кеңшар және ұжымшарларда жұмыс істеуге міндетті болды. 1944 жылға қарай Жамбыл облысында еңбекке қабілетті 16 927 азамат болса, соның 16 396 тұрақты жұмыс жасады. Ал 1950-ші жылдардың басында депортацияға ұшыраған ұлттардың арасында еңбекке қабілетті азаматтардың барлығы жұмыс жасады [14, 263-264 б.].

*1 – Кесте. Солтүстік Кавказ халқы: динамикасы және жұмыспен қамту көрсеткіші.*

| Ұлт        | Отбасы саны | Адам саны | Ерлер | Әйелдер | 16 жасқа дейінгі балалар | Еңбекке қабілетті | Жұмыспен қамтылғандар | Пайыздық көрсеткіш % | Жұмыссыздар |
|------------|-------------|-----------|-------|---------|--------------------------|-------------------|-----------------------|----------------------|-------------|
| Шешендер   | 106471      | 405923    | 95983 | 112517  | 197423                   | 51924             | 151349                | 99,60                | 575         |
| Қарашайлар | 10628       | 60141     | 9960  | 17154   | 33027                    | 20732             | 20721                 | 99,90                | 11          |
| Балқарлар  | 9092        | 33155     | 5886  | 10293   | 16976                    | 10457             | 10457                 | 100,0                | -           |

***Тұрмыстық жағдай және көші – қон қиындықтары***

Оңтүстік Қазақстан облысында депортацияға ұшырағандарды үймен қаматамасыз ету мәселесі алдыңғы қатарда болды. Облыс бойынша арнайы қоныс аударушылардың тұрмыстық жағдайлары нашар екендігі байқалды. Мысалы, 1945 жылдың 15 мамырында Келес ауданына 809 отбасы, 3 003 арнайы қоныс аударушылар көшірілді, олардың ішінде 348 отбасы, 1 345 адам қарашай ұлтының өкілдері болды. Қарашайлар ұжымшарларға – 325 отбасы, 1 281 адам, өндіріс-тік артелдерге – 10 отбасы, 33 адам, басқа мекемелерге – 13 отбасы, 31 адам орналастырылды. Оларға 123 үй берілді, қалғандары тығыз орналасып, жеке пәтерлерде тұрды. Бір пәтерде 34 адамға дейін тұрған [19, 10, 25 б.].

Жамбыл облысы Жуалы ауданындағы «Ленин жолы» ұжымшарында 8 арнайы қоныс аударушы отбасының 5-еуі терезесі, есігі және пеші жоқ бос тұрған екі үйде тұрған; «Талапты» ұжымшарында арнайы қоныс аударушы Ижан Асаева екі баласымен бұрын мал қора болған өтпелі дәлізде өмір сүрген. Түлкібас ауданындағы «Машина» ұжымшарында арнайы қоныс аударушы Истақұлов пен Горчкеновтың екі отбасына пәтер берілмеген; «Жұмыскер бригада» ұжымшарында 3 отбасы қазылған ашық шұңқырларда тұрған [10, 42 б.].

1944 жылдың 17 қарашасында Қазақ КСР Халық Комиссарлары кеңесі мен Қазақстан Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің «Солтүстік Кавказдан келген арнайы қоныс аударушыларды орналастыру туралы» қаулысы жарияланды. Қаулыда көптеген облыстық атқару комитеттері мен Қазақстан БК(б)П облыстық комитеттері 1944 жылғы 15 мамыр мен 15 маусымда қабылданған арнайы қоныс аударушыларды шаруашылық тұрғысынан орналастыру жөніндегі Қазақстан БК(б)П ОК бюросының қаулыларын орындалмағаны атап өтілді, соның салдарынан ондаған арнайы қоныс аударушылардың мыңдаған отбасылары өте қиын жағдайға тап болды. Мысалы, 1944 жылғы 1 қазанда 29 812 отбасының тұрғын үйі болмаған, оның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысында – 5 104 отбасы үйсіз болған. Арнайы қоныс аударушылардың отбасылары барактарда және ұжымшар мүшелері мен кәсіпорын жұмысшыларының пәтерлерінде тығыз орналасып, санитарлық талаптарға сай келмейтін жағдайда өмір сүрген, соның салдарынан бит таралып, үлкен өлім-жітіммен қоса жүретін әртүрлі эпидемиялық аурулар пайда болған [20, 115 – 122 б.].

Осындай заң бұзушылықтардан кейін 1945 жылы мамыр айында Оңтүстік Қазақстан облыстық Атқару комитеті «Сайрам және Чимкент аудандарындағы арнайы қоныстанушылардың шаруашылық және еңбек жағдайларын жақсарту туралы Облыстық кеңестің Атқарушы комитетінің және БК(б)П Облыстық комитеті Бюросының қаулысы» қабылданды. Қаулыға сәйкес: «1. Облыстық кеңестің атқару комитеті бюросының 1945 жылғы 2 наурыздағы және 1945 жылғы 21 сәуірдегі Қаулысын орындамағаны үшін Сайрам аудандық еңбекші депутаттар кеңесі атқарушы. комитетінің төрағасы Төрағасы Курбановқа, Шымкент аудандық еңбекші депутаттар кеңесі атқарушы. комитетінің төрағасы Ахметовке және БК(б)П аудандық комитетінің хатшысы Саттыбековке соңғы рет ескерту жасалсын, егер олар жақын арада арнайы қоныс аударушыларды шаруашылық және еңбекпен қамтамасыз ету жағдайын түзетпесе, қызметтерінен босатылады, партиядан шығарылады және жоғарғы кеңестік және партиялық ұйымдардың қаулыларын орындаудан бас тартқаны үшін сотқа беріледі; 2. Сайрам ауданы бойынша Ішкі істер халық комиссариаты бөлімінің Төрағасы Палаткин мен Шымкент ауданы бойынша Чергейкоға арнайы қоныс аударушыларды жайғастыру ісінен шет қалғаны үшін сөгіс жариялансын» [21, 24 б.].

Мемлекеттік органдар және партиялық комитеттердің тарапынан депортацияланған халық-тардың әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсарту мақсатында қаулылар қабылданғанымен, олардың тұрмыстық деңгейі төмен деңгейде қала берді. Мысалы, 1944 жылдың наурыз айынан 1945 жылдың 1 маусымына дейін тек Жуалы ауданында 1 425 қоныс аударушылар қайтыс болған, бұл арнайы қоныс аударушылардың жалпы санының 32,8% құрайды. Түлкібас ауданында 857 адам немесе 28%, Леңгір ауданында 1 263 адам немесе 22,5% қайтыс болды, ал Түркістан ауданында түрлі аурулар мен дистрофиядан 3 224 қонысаударушы, оның ішінде 997 бала көз жұмды. Тек 1945 жылдың бірінші тоқсанында Оңтүстік Қазақстан облысында 230 адам аштықтан қайтыс болды. Кейіннен, 1945 жылдың ортасында Оңтүстік Қазақстан облысында арнайы қоныс аударушылар арасындағы өлім-жітім 25,6% құрады. 1945 жылдың 20 қазанынан 20 қарашасына дейін Облыстық кеңестің Атқару комитеті мен БК(б)П Облыстық комитеті бюросының қаулысына сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облысының аудандарында Солтүстік Кавказдан арнайы қоныс аударушылардың шаруашылық-тұрмыстық жағдайы тексерілді. Тексеру нәтижесінде көптеген арнайы қоныс аударушылардың тұрмыс жағдайы нашар күйде екені анықталды. Мысалы, Түркістан ауданында – 200-ден астам отбасы (Май зауыты, Молотов атындағы ұжымшар, «Туркестан», «Уртан» және т.б. ұжымшарлары). Бостандық ауданында «Новая жизнь», «Аурахматстрой» ұжымшарлары, Қызылқұм ауданында

Тимирязев атындағы кеңшар, «Көк-Су» кеңшары, «Ленин-жолы», «Алғабас» ұжымшарлары, Түлкібас ауданында цемент зауыты мен «Келтеқұм» шахтасында 83 отбасы, ал Киров ауданында Шарап кеңшарында 120 отбасы тұрды. Нәтижесінде 572 отбасы тұрмыстық жағдайы нашар тұрғын үйлерде, ал 1 892 отбасы шамадан тыс тығыздықта өмір сүрді. Сарыағаш, Арыс, Георгиев, Шәуілдір, Түлкібас, Бостандық аудандарында арнайы қоныстанушыларға бөлінген мал толықтаратылмады, ал қолда бар мал қыста қамтамасыз етілмеді [22, 32 б.].

Мысалы, 1946 жылы Бостандық ауданында тек Солтүстік Кавказдан келген шешен ұлтының өкілдері ғана тұрды. 1944 жылдың 14 наурызында 576 отбасы, 2 887 адам көшірілді, ал 1944 жылдың 14 наурызынан 1946 жылдың 10 шілдесіне дейін 84 адам жеке-жеке келіп қоныстанды, 14 нәресте дүниеге келді, осылайша қоныстанушылардың жалпы саны 2 985 адамды құрады. 1944 жылдың 14 наурызынан 1946 жылдың 13 мамырына дейін 1 022 адам қайтыс болды, 383 адам облыстың басқа аудандарына көшті, 30 адам сотталды, 19 адам өз бетімен басқа аудандарға қашып кетті, 20 бала Сарыағаштағы балалар үйіне жіберілді, осылайша ауданнан 1 474 арнайы қоныс аударушы кетіп қалған [10, 45 б.].

### ***Білім алу жағдайындағы қиындықтар***

1944 жылы депортацияланған халықтардың арасында мектеп жасындағы балалардың жалпы саны 50 323 болатын. Алайда, мектепке тек 16 000 бала барған болатын. Себебі қуғын – сүргінге ұшыраған халықтардың балалары қазақ немесе орыс тілдерін білмейтін. Ал, өздерінің ана тіл-дерінде білім алуға мүмкіндік болмады. Сонымен бірге арнайы көшірілген ұлттардың балалары аяқ – киімнің, оқуға қажетті құралдарының және де азық – түліктің болмауына немесе жетіспеуші-лігіне байланысты мектепте білім ала алмады. 1944 жылы маусым айында КСРО ішкі істер халық комиссары Л. Берияның КСРО Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары В. Молотовқа жасаған баяндамасына «Педагог кадрлардың жетіспеушілігіне байланысты арнайы қоныстану-шылардың 300 мың баласын ана тілдерінде оқытуға мүмкіндік жоқ. Сол себепті, Ішкі Істер Халық Комиссариатының пікірінше арнайы қоныстанушылардың балаларын орыс тілде оқытқан жөн», – деп жазылған. Алайда, кейінгі жылдары Кавказ халықтарының өкілдері қазақ тілін үйрене бастады. Депортацияға ұшырағандардың балаларын ана тілінде оқыту мәселесі күн тәртібінен алынды. Білім беру басқармаларының берген есептеріне сәйкес, арнайы қоныстанушылардың арасында біліммен қамту деңгейі өте төмен дәрежеде болды. Мысалы, 1954-1955 оқу жылында Жамбыл Облысы, Шу ауданында бірде – бір шешен ұлтының қызы орта мектепті бітірген жоқ [23, 60-61 б.].

### ***Әлеуметтік – тұрмыстық жағдайды жақсарту мақсатында іске асқан іс-шаралар***

Арнайы қоныс аударушылардың тұрғын үй және шаруашылық жағдайы тек 1947-1949 жылдары ғана реттеле бастады. 1947 жылдың 4 мамырында Оңтүстік Қазақстан облыстық Кеңесі Еңбекшілер депутаттары атқару комитеті «Арнайы қоныс аударушыларға арналған жеке тұрғын үй құрылысының жоспары және құрылысқа несие беру туралы» шешім қабылдады. 1947 жылдың 8 қыркүйегінде Оңтүстік Қазақстан облыстық Кеңесі Еңбекшілер депутаттары атқару комитеті «Арнайы қоныс аударушыларға жеке тұрғын үйлер салу жоспарын орындау туралы» шешім қабылдады. Облыстық атқару комитеті аудандық кеңес төрағаларын міндеттеді: арнайы қоныс аударушыларға тұрғын үйлер салу үшін жергілікті құрылыс материалдарын дайындау жұмыс-тарын дереу бастау; 15 қыркүйектен кешіктірмей құрылыс бригадаларын толықтыруды, көлік және жабдықтарды бөлуді қамтамасыз ету және бригадаларды құрылысты аяқтағанға дейін бекітіп, жұмыс барысын күнделікті бақылау; 1 қарашаға дейін бұл шараны орындау үшін батыл шаралар қабылдау; ұжымшарлардың мақсатты несиелерді тиісті мақсаттардан тыс пайдалан-бауын қадағалау. Арнайы қоныс аударушылардың жағдайы нашарлағандықтан, 1949 жылдың 12 шілдесінде барлық аудандық атқару комитетінің төрағалары мен Ішкі істер министрлігінің қызметкерлерінің қатысуымен «Қоныс аударушыларды орналастыру туралы» арнайы мәжіліс өтті [22, 41; 51; 61 б.].

1948 жылы КСРО үкіметі бекіткен жоспарға сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының ұжымшар мүшелеріне арналған 2 846 тұрғын үй салынды, олардың басым бөлігі арнайы қоныс аудару-шыларға берілді. Сол жылы арнайы қоныс аударушыларға 21 001,2 центнер мал (1

басына 2,5 цнт есептелген), 281,6 центнер азық-түлік, 330,5 мың рубль көлемінде ақшалай көмек, 274 центнер жүн, 600 тері, 6 925 кой терісі, 1 034 жұп аяқ киім, 810 киім бұйымы, 2 314 метр мата бөлінді [21, 3 б.].

### **Реабилитациялау үрдісі**

Депортацияға ұшыраған халықтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы 50-ші жылдардың басында біршама тұрақталғанымен, олардың азаматтық құқықтары шектеулі болатын. 1953 жылы КСРО Министрлер кеңесі Төрағасы И.В. Сталин қайтыс болғаннан соң депортацияға ұшыраған халықтарды реабилитациялау яғни азаматтық құқықтарды қалпына келтіру (*лат. Rehabilitatio – қалпына келтіру*) үрдісі басталды. 1956 жылы ақпан айында Коммунистік партия Орталық комитетінің Бірінші Хатшысы Н.С. Хрущевтің төрағалығымен Коммунистік партияның XX съез-ді өтті. Коммунистік партияның тарихында бұл съезд тарихи съездтерінің бірі ретінде саналады. Себебі бұл съездте алғашқы рет ресми түрде мемлекет және партия басшылары 30 жыл бойы КСРО – ны басқарған И.В. Сталиннің билігіне шынайы объективті баға беріп, оның кешміліктерін айтты. Осылайша Кеңес Одағында Сталинизм дәуіріне нүкте қойылды [2, 128-171 б.].

1956 жылы 17 наурыздағы КСРО Жоғарғы Кеңесінің № 134/33 «Алыс жерлерге жер аударылған қалмақтар және олардың отбасыларына қойылған еріктен тыс талаптар алынып тасталсын» жарлығы жарияланды. 1956 жылғы 27 наурыздағы Жоғары Кеңестің №134/47 Жарлығында грек-тер, болгарлар, армяндар мен олардың отбасыларына қойылған заңсыз талаптарды жою туралы айтылады. 1956 жылы КСРО Жоғары Кеңесінің 28 сәуірдегі № 135/42 жарлығына сәйкес, Қырым татарлары, балқарлар, Кеңес Одағының түрік азаматтары, Ұлы Отан соғысы жылдары қоныс аударылған күрдтер, хемшилдердің отбасыларына заңсыз қойлып отырған талаптар жойылды.

1957 жылы 31 қазанда «Кеңес Одағының азаматтары Әзірбайжан ұлтынан, 1944 жылы Грузиядан қоныс аударылып келгендерге заңсыз қойылып отырған талаптарды жою» туралы заң қабылданады [24, 37 – 38 б.].

Осылайша, 1954-1957 жылдары аралығында депортацияға ұшыраған барлық ұлттар ақталды. Ал кейбір кавказ халықтарының (Шешен – Ингуш, қарашай, черкес, кабардин және балқар) ұлттық Автономиялары (*грекше: autos — өзі, potos — заң, тәуелсіздік*) — мемлекет аумағында жинақы, топтасып өмір сүретін әлеуметтік қауымдастыққа берілетін ішкі өзін-өзі басқару мүмкіншілігі немесе мемлекеттік билікті өзінің жүзеге асыру) қайта қалпына келтірілді [25].

Коммунистік партия ұйымдарының хатшылары мен кәсіпорын басшылары депортацияланған халықтарға шектеулердің алынғанын хабарлау үшін жиындар өткізіп, тиісті қаулыларды таныстыру жұмыстарын жүргізді. Шектеулердің алынып тасталғанына қуана қараған халықтың көпшілігі өздері орналасқан жерлерде қалуды тандаған. Алайда, КСРО билігі олардың атамекен-деріне қайта оралмауын қадағалап, насихат жұмыстарын жүргізді. Себебі, жер аударылған халықтардың бұрынғы жерлеріне басқа ұлт өкілдері қоныстанған болатын. Оралғандар өз жер-лерін талап ете бастағанда, бұл басқа ұлттармен қақтығыстарға алып келді. Кейінен келе, КСРО Үкіметі Кавказ аймағына көшірген өзге этностарды қайтадан көшіруге мәжбүр болды.

### **Қорытынды.**

XX ғасырдың 30–50-жылдары КСРО-да халықтардың депортациясы кең көлемде жүргізілді, бұл үрдіс заңсыз әрі негізсіз болып, миллиондаған адамның тағдырына ауыр қайғы-қасірет әкелді. Бұл оқиғалар Сталиндік репрессияның ең қатыгез әрекеттерінің бірі ретінде тарихта қалды. Депортацияға ұшыраған халықтар өздерінің отанынан күштеп көшіріліп, жаңа жерлерде ауыр жағдайларда өмір сүруге мәжбүр болды. Олар үшін тұрмыстық қиындықтар, әлеуметтік шектеу-лер мен құқықтық дискриминация күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналды.

Сталиндік режимнің бұл қылмыстары тек 1956 жылы Кеңес Одағы Коммунистік партиясының XX съезінде Н. Хрущевтің баяндамасында алғаш рет ашық сынға алынды. Осыдан кейін депортацияға ұшыраған халықтардың кейбір құқықтары қалпына келтіріліп, оларды реабилитациялау процесі басталды. Алайда бұл үрдіс біркелкі жүргізілмеді. 1964–1985

жылдары аралығын-да Коммунистік партияның басшылығы бұл мәселеге тиісті деңгейде назар аудармады. Депорта-цияланған халықтардың құқықтары мен әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту жөнінде елеулі шаралар қабылданған жоқ, ал депортация тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеуге тыйым салынды.

1985 жылы М. Горбачев билікке келгеннен кейін Кеңес Одағында демократиялық жаңғырту процестері басталды. Бұл кезеңде сталиндік қуғын-сүргін мен депортацияның салдарына қатысты тарихи әділеттілікті қалпына келтіру әрекеттері қайта жанданды. Кеңестік кезеңдегі репрессиялар туралы құжаттар ашылып, статистикалық мәліметтер мен куәгерлердің естеліктері зерттеле баста-ды. Депортацияның нақты себептері мен оның адамзатқа тигізген зардаптары жан-жақты талданды.

Кеңес Одағының ыдырауынан кейін посткеңестік елдерде депортацияға ұшыраған халықтар-ды ақтау процестері қарқынды түрде жалғасын тапты. Бұл халықтардың құқықтары қалпына келтіріліп, тарихи әділеттілік орнатуға бағытталған қадамдар жасалуда. Сонымен қатар, депорта-цияның саяси, экономикалық және әлеуметтік салдарын зерттеу жұмыстары да тереңдеп келеді. Әр жыл сайын жаңа деректер мен құжаттар табылып, ғылыми зерттеулердің мазмұны байып, тарих ғылымы жаңа қырлармен толығуда.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. *О судьбе членов и кандидатов в члены ЦК ВКП(б), избранного XVII съездом партии // Известия ЦК КПСС. – 1989. – № 12. – С. 82—113.*
2. *О культуре личности и его последствиях. Доклад Первого секретаря ЦК КПСС товарища Хрущёва Н. С. XX съезду КПСС // Известия ЦК КПСС. – 1989. – № 3. – С. 128—171.*
3. *Козыбаев М.К. Историография Казахстана: уроки истории. – Алматы, 1990. – 135 с.*
4. *Caucasus // Encyclopedia Britannica. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.britannica.com/place/Caucasus> (дата обращения: 10.10.2024).*
5. *Из истории депортаций. Казахстан. 1935–1939 гг.: сборник документов / под ред. З.С. Айдарбекова и др. – Т. 2. – Алматы: LEM, 2014. – 740 с.*
6. *Постановление ГОКО № 6279сс о переселении из пограничной полосы Грузинской ССР турок-мехетинцев, курдов и хемшинов 31.07.1944 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.alexanderyakovlev.org/fond/issues-doc/1022389> (дата обращения: 10.10.2024).*
7. *Указ Президиума Верховного Совета СССР. О ликвидации Чечено-Ингушской АССР и об административном устройстве её территории 07.03.1944 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.prlib.ru/item/1954997> (дата обращения: 10.10.2024).*
8. *Бугай Н.Ф. К вопросу о депортации народов в 30-40-е годы // История СССР. – 1989. – № 6. – С. 135—144.*
9. *Земсков В.Н. Заключение, спецпоселенцы, ссыльнопоселенцы, ссыльные и высланные (Статистико-географический аспект) // История СССР. – 1991. – № 5. – С. 151—165.*
10. *Мусагалиева А.С., Мусабекова Р.М. Жизнь в депортации: спецпереселенцы Северного Кавказа в Южном Казахстане // Вестник Ингушского научно-исследовательского института гуманитарных наук им. Ч.Э. Ахриева. – 2019. – № 2. – С. 40—47.*
11. *Полян П.Н. Не по своей воле... История и география принудительных миграций в СССР. – М.: ОГИ, 2001. – 326 с.*
12. *Динашева Л.С., Баубекова Д.М. Кавказ халықтарының Қазақстанға депортациялануы тарихынан // Молодой ученый. – 2018. – № 16-1(202). – Б. 27—29.*
13. *Джалилов А.М. Депортация курдов из Грузии в Казахстан // Qazaqtaný. – 2019. – № 4(4). – Б. 281—286.*
14. *Шнайдер В.Г. Проблемы социальной адаптации депортированных народов Северного Кавказа в местах спецпоселения (середина 1940-х – середина 1950-х гг.) // Известия РГПУ им. А.И. Герцена. – 2008. – № 66. – С. 261—269.*
15. *Шнайдер В.Г. Социально-демографические проблемы депортированных народов Северного Кавказа (сер. 1940-х – сер. 1950-х гг.) // Вестник Адыгейского государственного*

университета. Серия: Регионоведение: философия, история, социология, юриспруденция, политология, культурология. – 2020. – № 2 (259). – С. 86–91.

16. Жанбосинова А.С. Депортационная повседневность: фрагменты устной истории спецпереселенцев // Великая Отечественная война 1941-1945 гг.: подвиг народа и уроки истории: сборник статей по материалам Международной научной онлайн-конференции, Казань, 20–21 октября 2020 года / отв. ред. А.Ш. Кабирова. – Казань: Институт истории имени Шигабутдина Марджани Академии наук Республики Татарстан, 2020. – С. 248–256.

17. Козгамбаева Г.Б. Қазақстанға депортацияланған халықтардың күнделікті өмірі, Сталин дәуірінің шындықтарының бірі ретінде (XX ғ. 30-50 жж.) // XII. International Conference on Social Research and Behavioral Sciences, 12-13 November 2022, Antalya, Turkey. – 2022. – 419 p.

18. Алгириева Л.Б. К вопросу о трудностях размещения депортированных чеченцев в республиках Средней Азии (1944-1953 гг.) // Современная научная мысль. – 2021. – № 4. – С. III–114.

19. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві. Қ. 40. Т. 8. Іс. 109. П. 25.

20. От депортации к интеграции: документы и материалы, посвященные 60-летию депортации чеченцев и ингушей в Казахстан / Международный фонд гуманитарной помощи «Нур»; сост. Е. Грибанова, А. Гунашев, А. Зулкашева, Л. Сапонова. – Алматы: Дәуір, 2004. – 256 с.

21. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві. Қ. 40. Т. 8. Іс. 108. П. 45.

22. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві. Қ. 40. Т. 9. Іс. 1211. П. 41.

23. Яндарова С.Х. Чеченцы и ингуши: образование, культура в условиях спецпоселения // Общество: философия, история, культура. – 2016. – № 5. – С. 60–64.

24. Репрессии народов СССР: последствия трагедии: сборник материалов круглого стола / под ред. А.В. Ястребова. — Самара: ГУСО ДДН, 2007. — 63 с.

25. Закон об утверждении указов Президиума Верховного Совета СССР о восстановлении национальной автономии балкарского, чеченского, ингушского, калмыцкого и карачаевского народов: [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://www.libussr.ru/doc\\_ussr/ussr\\_5174.htm](https://www.libussr.ru/doc_ussr/ussr_5174.htm) (дата обращения: 15.10.2024).

26. Депортация чеченцев и ингушей в Казахстан 75 лет назад: как это было. Tengrinews.kz. Дата обращения: 21.10.2024. URL: [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/deportatsiya-chechentsev-ingushey-kazahstan-75-let-nazad-eto-363869/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/deportatsiya-chechentsev-ingushey-kazahstan-75-let-nazad-eto-363869/)

27. Депортация. Dic.academic.ru. Дата обращения: 21.10.2024. URL: <https://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/417381>

28. Электронная карта Caltopo. URL: <https://caltopo.com/p/V3U71> (дата обращения: 03.12.2024).

#### References:

1. "On the Fate of Members and Candidate Members of the Central Committee of the CPSU(b), Elected by the 17th Party Congress" // *Izvestiya of the CPSU Central Committee*. – 1989. – No. 12. – pp. 82–113.

2. "On the Cult of Personality and Its Consequences. Report by First Secretary of the CPSU Central Committee Comrade N. S. Khrushchev to the 20th Congress of the CPSU" // *Izvestiya of the CPSU Central Committee*. – 1989. – No. 3. – pp. 128–171.

3. Kozybayev, M.K. *Historiography of Kazakhstan: Lessons of History*. – Almaty, 1990. – 135 p.

4. "Caucasus" // *Encyclopedia Britannica*. [Electronic resource]. – URL: <https://www.britannica.com/place/Caucasus> (accessed: 10.10.2024).

5. "From the History of Deportations. Kazakhstan, 1935–1939: Collection of Documents" / ed. Z.S. Aidarbekov et al. – Vol. 2. – Almaty: LEM, 2014. – 740 p.

6. State Defense Committee Resolution No. 6279ss on the Relocation from the Border Zone of the Georgian SSR of Meskhetian Turks, Kurds, and Hemshils, 07/31/1944 [Electronic resource]. – URL: <https://www.alexanderyakovlev.org/fond/issues-doc/1022389> (accessed: 10.10.2024).
7. USSR Supreme Soviet Presidium Decree on the Liquidation of the Chechen-Ingush ASSR and the Administrative Organization of Its Territory, 03/07/1944 [Electronic resource]. – URL: <https://www.prilib.ru/item/1954997> (accessed: 10.10.2024).
8. Bugai, N.F. "On the Issue of the Deportation of Peoples in the 1930s–1940s" // *History of the USSR*. – 1989. – No. 6. – pp. 135–144.
9. Zemskov, V.N. "Prisoners, Special Settlers, Exiles, Deportees, and Expatriates (A Statistical and Geographical Aspect)" // *History of the USSR*. – 1991. – No. 5. – pp. 151–165.
10. Musagaliyeva, A.S., Musabekova, R.M. "Life in Deportation: Special Settlers from the North Caucasus in Southern Kazakhstan" // *Bulletin of the Ingush Research Institute of Humanities named after Ch.E. Akhriev*. – 2019. – No. 2. – pp. 40–47.
11. Polyan, P.N. *Not of Their Own Will... History and Geography of Forced Migrations in the USSR*. – Moscow: OGI, 2001. – 326 p.
12. Dinashева, L.S., Baubekova, D.M. "From the History of the Deportation of Caucasian Peoples to Kazakhstan" // *Young Scientist*. – 2018. – No. 16-1(202). – pp. 27–29.
13. Jalilov, A.M. "Deportation of Kurds from Georgia to Kazakhstan" // *Qazaqtaný*. – 2019. – No. 4(4). – pp. 281–286.
14. Schneider, V.G. "Problems of Social Adaptation of Deported Peoples of the North Caucasus in Special Settlement Areas (Mid-1940s–Mid-1950s)" // *Izvestiya of RGPU named after A.I. Herzen*. – 2008. – No. 66. – pp. 261–269.
15. Schneider, V.G. "Socio-Demographic Problems of Deported Peoples of the North Caucasus (Mid-1940s–Mid-1950s)" // *Bulletin of Adyghe State University. Series: Regional Studies: Philosophy, History, Sociology, Law, Political Science, Cultural Studies*. – 2020. – No. 2 (259). – pp. 86–91.
16. Zhanbosinova, A.S. "Everyday Life in Deportation: Fragments of the Oral History of Special Settlers" // *The Great Patriotic War 1941–1945: People's Feat and Lessons of History: Collection of Articles from the International Scientific Online Conference, Kazan, October 20–21, 2020* / ed. A.Sh. Kabirova. – Kazan: Shigabutdin Marjani Institute of History of the Academy of Sciences of the Republic of Tatarstan, 2020. – pp. 248–256.
17. Kozgambayeva, G.B. "Everyday Life of Peoples Deported to Kazakhstan as One of the Realities of the Stalin Era (1930s–1950s)" // *XII International Conference on Social Research and Behavioral Sciences, November 12–13, 2022, Antalya, Turkey*. – 2022. – 419 p.
18. Algiriyeva, L.B. "On the Issue of Difficulties in Resettling Deported Chechens in the Central Asian Republics (1944–1953)" // *Modern Scientific Thought*. – 2021. – No. 4. – pp. 111–114.
19. Turkestan Regional Archive of Socio-Political History. F.40. L.8. C.109. P.25.
20. "From Deportation to Integration: Documents and Materials Dedicated to the 60th Anniversary of the Deportation of Chechens and Ingush to Kazakhstan" / *International Humanitarian Aid Foundation "Nur"*; comp. E. Gribova, A. Gunashev, A. Zulkasheva, L. Saponova. – Almaty: Daur, 2004. – 256 p.
21. Turkestan Regional Archive of Socio-Political History. F.40. L.8. C.108. P.45.
22. Turkestan Regional Archive of Socio-Political History. F. 40. L. 9. C. 1211. P. 41.
23. Yandarova, S.Kh. "Chechens and Ingush: Education, Culture under Special Settlement Conditions" // *Society: Philosophy, History, Culture*. – 2016. – No. 5. – pp. 60–64.
24. "Repressions of the Peoples of the USSR: Consequences of the Tragedy: Collection of Materials of the Round Table" / ed. A.V. Yastrebov. – Samara: GUSO DDN, 2007. – 63 p.
25. Law on the Approval of the USSR Supreme Soviet Presidium Decrees on the Restoration of National Autonomy of the Balkar, Chechen, Ingush, Kalmyk, and Karachai Peoples [Electronic resource]. – URL: [https://www.libussr.ru/doc\\_ussr/ussr\\_5174.htm](https://www.libussr.ru/doc_ussr/ussr_5174.htm) (accessed: 15.10.2024).
26. "Deportation of Chechens and Ingush to Kazakhstan 75 Years Ago: How It Was." *Tengrinews.kz* [Electronic resource]. – URL: [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/deportatsiya-chechentsev-ingushey-kazahstan-75-let-nazad-eto-363869/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/deportatsiya-chechentsev-ingushey-kazahstan-75-let-nazad-eto-363869/) (accessed: 21.10.2024).
27. "Deportation." *Dic.academic.ru* [Electronic resource]. – URL: <https://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/417381> (accessed: 21.10.2024).

28. *Caltopo electronic map [Electronic resource].* – URL: <https://caltopo.com/p/V3U71>  
(accessed: 03.12.2024).